

2014 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 297 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 шілдеде № 4925 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидасының 8-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2014 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғы м и н и с т р і

_____ А. Мамытбеков

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 3 0 м а у с ы м д а ғы

№ 297 қаулысына қосымша

**Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың
тізбесі және басым дақылдар өндіруді
субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары
мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге
қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын
және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп**

**өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған
субсидиялар нормалары (1 гектарға)**

№	Басым ауылшаруашылығы дақылдарының атауы	Субсидиялар нормалары, теңге
1.	Жаздық жұмсақ бидай	300
2.	Күздік бидай	
3.	Жаздық қатты бидай	800
4.	Сұлы	2000
5.	Арпа	
6.	Тары	
7.	Қарақұмық	
8.	Күздік қара бидай	6000
9.	Бұршақ	
10.	Нұт	
11.	Жасымық	
12.	Қытай бұршақ	11000
13.	Майлы дақылдар	
14.	Картоп	40000 75000 (тамшылатып суару)
15.	Көкөністер	50000 80000 (тамшылатып суару) 2000000 (барлық түрдегі жылыжайларда қорғалған топырақ жағдайларында, 2 дақыл айналымы)
16.	Бақша дақылдары	30000
17.	Жемшөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	9000 60000 (суару)
18.	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	9000
19.	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	10000
20.	Сүрлемдік жүгері	60000 (суару)